

 сақтандыру компаниясы ВИКТОРИЯ страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 1-бет
--	--	---	----------------------------

«БЕКІТІЛДІ»
«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі
2025 жылғы «13» наурыз № 07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ., 2025 жыл

Мазмұны

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ	4
3.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.	6
4.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	6
5.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ.....	7
6.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.....	8
7.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	12
8.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	13
9.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	14
10.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	17
11.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	17
12.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	19
13.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	22
14.	КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	23
15.	ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	24
16.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	24
17.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	24

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 3-бет
--	---	--	-----------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – сақтанушы) Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы автомобиль көлігін (бұдан әрі мәтін бойынша «көлік құралы» термині қолданылуы мүмкін) ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Сақтандыру шарты келесі тұлғалармен жасалады:

- 1) мотокөлікке қатысты – 16 жастап бастап;
- 2) автокөліктердің басқа түрлеріне қатысты – 18 жастан бастап.

1.4. Сақтанушының (сақтандырылушының) және/немесе Пайда алушының сақтандырылған көлік құралының сақталуына мүддесі болмаған кезде жасалған Сақтандыру шарты – жарамсыз деп саналады.

1.5. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандыру ережелері – сақтандырушының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;
- 2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 3) сақтандыру полисі – Қосылу шарты болып табылатын, сақтандырушы сақтанушыға беретін құжат; Бұл жерде және бұдан әрі «Сақтандыру шарты» термині деп «Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі» түсініледі.
- 4) сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (пайда алушыға) Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;
- 5) сақтанушы – сақтандырушымен Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасаған тұлға;
- 6) пайда алушы – Сақтандыру шартына/Сақтандыру полисіне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 7) тәуелсіз сарапшы – мүлікті (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте сол мекеме тарапынан аккредиттелген жеке немесе заңды тұлға;
- 8) сақтанушының өтініші – сақтанушының жазбаша рәсімделген құжаты, онда сақтандыру объекті және тәуекел сипаты, басқа да шарттармен қатар белгіленген сақтандыру объектінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылады;
- 9) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 10) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

- 11) сақтандыру сыйлықақысы – сақтандырушы Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 12) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;
 - 13) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде сақтанушыға (пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді;
 - 14) шынайы құн – Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі көлік құралының (қосымша жабдықтың), құзырлы ұйым берген анықтама-шоттың, сатып алу-сату шартының немесе сарапшы (бағалаушы) белгілеген бағаның негізінде белгіленген шынайы құны;
 - 15) көлік құралы – жолдармен адамдарды, жүктерді немесе соған қондырылған жабдықтарды тасымалдауға арналған механикалық көлік құралы және тіркемелер, сондай-ақ арнайы көлік құралдары (эртүрлі, көбінесе көлік жұмысы болып саналмайтын, жұмыстарды орындауға арналған);
 - 16) көлік құралының қосымша жабдығы – автомобиль көлігінің стандартты зауыт топтамасына енгізілмеген жабдық: автомобиль салонын жылытқыш (пеш); әйнек тазалағыш; әйнек жуғыш; әйнектерді, айналарды және орындықтарды жылытатын қондырғы; әйнектерді және орындықтарды электр көтергіштер; фараларды электр түзеткіш; фараларды тазалағыш және жуғыш; кондиционер; магнитола; круиз-бағалаушы; спутникті дабыл; электр люк;
 - 17) көлік құралының иесі – көлік құралына меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оперативті басқару құқығында, немесе кез келген басқа заңды негізде (Мүлікті жалдау шарты, көлік құралын басқаруға берілген сенімхат құзырлы органның көлік құралын өткізу туралы өкімінің және тағы басқалардың негізінде) иелік ететін жеке немесе заңды тұлға;
 - 18) көлік құралын пайдалану – көлік құралын жолдармен, сондай-ақ жолдарға іргелес жатқан, көлік құралының жүруі үшін жайластырылған немесе ыңғайланған және пайдаланылатын аумақпен жүруі үшін пайдалану;
 - 19) көлік оқиғасы – көлік құралын пайдалану барысында немесе соның қатысуымен туындаған, сондай-ақ көлік құралынан бөлініп шыққан бөлшектердің және сонда болған жүктің қозғалысының нәтижесінде жәбірленушілерге зиян келген оқиға;
 - 20) жол-көлік оқиғасы (ЖКО) – көлік құралының жолмен қозғалуы барысында және соның қатысуымен туындаған, сондай қозғалыс кезінде адамдар қаза болған немесе жараланған, көлік құралдары, ғимараттар, жүктер зақымданған немесе басқалай материалдық залал келтірілген оқиға;
 - 21) жәбірленуші – көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келген тұлға, ол зиянды өтеу міндеті, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, көлік құралының иесі ретінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктелген;
 - 22) техникалық қызмет көрсетудің мамандандырылған станциясы (маманд. ТЖО) – сақтанушыларға тиесілі көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық қызмет түрлерін орындауды, сондай-ақ өндіруші зауыттармен жасалған Шарттар бойынша көлік құралдарына кепілдендірілген жөндеу жұмыстарын орындауды қамтамасыз ететін ұйым;
 - 23) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше сақтандырушыда сақтандыру;
 - 24) сақтандырылған – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын және сенімхат немесе жол-сапар қағазын формасындағы сақтанушының жазбаша ерік білдіруінің негізінде сақтандырылған көлік құралын жүргізуге рұқсат берілген тұлға. Аталған тұлғалар міндетті түрде Сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 1.6. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері әрі сақтандырылушыға да, әрі пайда алушыға да теңдей шамада қолданылады. Сақтандырылушының немесе пайда алушының сол міндеттерді орындамауы – ол міндеттерді сақтанушы орындамаған кездегідей салдарға әкеп соқтырады.
- 1.7. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) сақтанушының немесе оның өкілінің қолтаңбасы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтандырылған көлік құралына иелік ету, пайдалану және билік жүргізу нәтижесінде басталған сақтандыру жағдайының салдарынан келген күтілмеген шығындар мен залалдарға байланысты, Шартта келісілген болса, қосымша жабдықтармен және соның керек-жарақтарымен Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде оның зақымдануының немесе жоғалуының (опат болуының) салдарынан сақтанушының мүліктік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Сақтанушыға меншік құқығында немесе басқа негіздермен тиесілі, іштен жанатын қозғалтқышпен іске қосылатын көлік құралы (оның ішінде мопедтер, мотоциклдар, кез келген тракторлар және өздігінен жүретін машиналар), сондай-ақ жол полициясы органдарында немесе басқа құзырлы органдарда тіркеуде тұрған электр көліктер, тіркемелер, жартылай тіркемелер – сақтандыру мәні болып табылады.

2.3. Сақтанушылар сақтандырушымен сақтандырылған көлік құралының сақталуына негізді мүддесі бар үшінші тұлғалардың (бұдан әрі мәтін бойынша – пайда алушылар) пайдасына Сақтандыру шарттарын жасауға құқылы.

2.4. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтандыру шартында аталған пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру жайында сақтанушыға сақтандырушыға жазбаша хабарлайды. Пайда алушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін немесе пайда алушы Сақтандыру шарты бойынша қандай да бір міндеттерін орындағаннан кейін немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен ауыстырылмайды.

2.5. Жүкті тасымалдауға, тасымалданатын жүкті сақтауға байланысты, фрахтқа, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке және т.б. байланысты жағдайларға сақтандыру қорғанысы қолданылмайды.

2.6. Қазақстан Республикасының аумағына қолданыстағы кеден нормалары мен ережелерін бұзып кіргізілген немесе Қазақстан Республикасының және Интерполдың құзырлы органдарының ақпараттық қорында бұрын ұрланған ретінде саналатын көлік құралдары сақтандырылмайды. Аталған нормаларды бұзып жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандырушыға ешқандай, оның ішінде сақтандыру төлемдері бойынша міндеттемелер артылмайды.

2.7. Келесідей көлік құралдары сақтандыруға қабылданбайды:

- 1) техникалық тұрғыдан бұзылған, жинақтамасы бұзылған;
- 2) егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, шығарылғанына 15 жылдан асқан шетелдік автомобильдер және шығарылғанына 10 жылдан асқан ТМД елдері мен ҚХР автомобильдері;
- 3) Сақтандыру шартымен маманд. ТЖО шоты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру қарастырылған жағдайда шығарылғанына 3 жылдан асқан және/немесе 100 000 (Жүз мың) километрден көп жүрген автомобильдер.

2.8. Сонымен қатар келесілер сақтандыруға қабылданбайды:

- 1) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, бітімгерлік миссияда, кез келген жарыстарда, сынақтарда немесе сынама жүрістерде, оқу-жаттығу жүрістерінде пайдаланылатын көлік құралдары;

- 2) сақтанушының немесе Сақтандырылушының ақшалары, маркалары, билеттері, құжаттары немесе бағалы қағаздары, киім-кешектері немесе жеке бұйымдары, құнды заттар, бейне және фотокамералар, радиоқабылдағыштар, магнитофондар, компакт-дискілерді ойнатқыштар немесе бейнемагнитофондар, телевизия қондырғылары, аудио немесе бейне кассеталар, стационарлық және тасымалды байланыс құралдары, оның ішінде көлік құралының ішінде және көлік құралында орналасқан радиотелефондар, мобильді және ұялы байланыс құралдары;

- 3) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, өндіруші зауыттың немесе оның ресми дилерінің құжаттамасына сәйкес көлік құралының топтамасына кірмейтін механизмдер, қондырғылар, құрылғылар, аспаптар, басқа да жабдықтар мен керек-жарақтар, оның ішінде арнайы бояу, салонның/шанақтың жабдықтары, автомобиль көлігіне орнатылған аспаптар, жарық, сигнал және басқа жабдықтар, өндіруші зауыттың немесе оның ресми дилерінің топтамасына кірмейтін жиынтық дөңгелектер;

- 4) сақтанушының, Сақтандырылушының кәсіби немесе коммерциялық қызметіне байланысты, көлік құралында тасымалданатын тауарлар мен заттар;

- 5) белгіленген мерзімде міндетті техникалық бақылаудан өтпеген көлік құралдары;

- 6) шанақ (қаңқа) және қозғалтқыш нөмірлері жоқ, немесе құжаттарға сәйкес келмейтін шетелдік және отандық автокөлік құралдары;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 6-бет
--	---	--	-----------------

7) апаттық жағдайдағы, жинақтамасы кеміген, сондай-ақ қатты зақымданған¹ және көп шіріген автомобиль көлігі²;

2.9. Осы Ереженің 2-бөлімінде көрсетілген мүлік пен заттар қосымша сақтандыру сыйлықақысы төленген жағдайда сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

2.10. Сақтанушының кез келген заңға қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

2.11. Сақтанушы немесе жүргізуші көлік құралын ұзақ кезеңге (демалыс, түнеу және т.с.с.) тұрақ қалдыратын болса, ол тұрақ жабық, күзетілетін тұрақ немесе сол мақсаттар үшін арнайы жабдықталған орын болуы тиіс.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімімен белгіленеді, бірақ Сақтандыру шартын жасау кезіндегі көлік құралының шынайы құнынан аспауы тиіс.

3.2. Көлік құралы толық құнына немесе сол құнның белгілі бір пайызымен, сондай-ақ Сақтандыру шартында белгіленген, сақтандырушының жауапкершілігінің шекті лимиті болып табылатын шекті сомаға сақтандырылуы мүмкін.

3.3. Толық құнына сақтандыру кезінде көлік құралын сақтандыруға келесілерге қарай қабылданады:

1) сол көлік құралы тиесілі кәсіпорынның бухгалтерлік есебінің деректеріне сәйкес баланстық құны бойынша (тозуын ескере отырып);

2) жүкқұжаттық шығындарды есепке ала отырып, сатып алу бағасы бойынша;

3) көлік құралының Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі орташа нарықтық құнының бағасы бойынша.

3.4. Жалға (прокатқа) алынған көлік құралдары бойынша сақтандыру сомасы – көлік құралын жалға (прокатқа) берген тұлғаның алдында сақтанушыға жауапкершілік артылған мөлшерден және көлік құралының шынайы құнынан аспауы тиіс.

3.5. Қосымша жабдықты сақтандырған кезде сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен, аталған жабдықтың шынайы құнынан аспайтын көлемде белгіленеді және Сақтандыру шартында көрсетіледі.

3.6. Сақтандыру шартында әр көлік құралына және қосымша жабдыққа сақтандыру сомалары жеке-жеке көрсетіледі. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әр объекті бойынша жекелеген сақтандыру сомасынан құралады.

3.7. Егер сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандыру шартын жасау сәтінде сақтандыру сомасы көлік құралының шынайы құнынан төмен мөлшерде белгіленген болса, сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының шынайы құнға шаққандағы қатынасына тең нақты залалдың бөлігі мөлшерінде жүзеге асырады.

3.8. Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі әрқандай жағдайда да сақтандыру сомасынан аспайды.

3.9. Сақтандыру шарты бойынша франшиза қарастырылады, оның түрі мен мөлшері Тараптардың келісімімен анықталады, не сақтандыру сомасының пайызымен, не болмаса абсолютті мөлшерде белгіленеді.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері автомобиль көлігінің сипаттамаларына, оны пайдалану шарттары мен ерекшеліктеріне, таңдалған тәуекелдер тізіміне, сақтандыру мерзіміне, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына ықпал ететін басқа да факторларға байланысты белгіленеді және сақтандырушының тарифтік саясатына сәйкес есептеледі.

4.2. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

4.3. Сақтандыру сыйлықақысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Ерекше жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы операция жасалған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша шетел валюталарымен төленуі мүмкін.

¹ Автомобиль көлігі пайдалануға жарамайтын зақым.

² Тесіп өткен және металы түсіп қалған шірік; пісіру түйістеріндегі шірік.

4.4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіпте төлейді.

4.5. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде тәуекел: шығарылған жыл, дабылдың болуы, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және т.с.с. әсер ететін факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттер пайдаланылады.

4.6. Сақтандыру шарты 12 (Он екі) айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
толық 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.7. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеу – Сақтандыру шартын (Тараптарға хабарламастан) дағдылы түрде тоқтатуға әкеп соқтырады. Бұл ретте, төленіп қойған сақтандыру сыйлықақысының бөлігі сақтанушыға қайтарылмайды.

4.8. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтке дейін сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (алғашқы сақтандыру жарнасын) төлемеген болса, сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін төлеуден азат етіледі.

4.9. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

4.10. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді кешіктірген кезде сақтандырушы залалдарды өтеуді, сондай-ақ төлемнің кешіктірілгені үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес өсімақы төлеуді талап етуге құқылы.

4.11. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы – сақтанушыны сақтандыру қорғанысы қолданыста болған және сақтандырушы сақтанушының алдындағы өз міндеттемелері бойынша жауапты болу тиіс кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндетінен азат етпейді.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

5.1. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде және сақтандыру аумағында орын алған, сақтандырылған автомобиль көлігінің жоғалуына (опат болуына) немесе зақымдануына әкеп соқтырған оқиға – осы Сақтандыру ережесіне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

5.2. Төменде көрсетілген тәуекелдердің бірінің немесе жиынтығының нәтижесінде сақтандырылған автомобиль көлігінің зақымдануы, жоғалуы (опат болуы) немесе жойылуы – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) автомобиль көлігін ұрлық, тонаушылық, қарақшылық жолымен ұрлап айдап әкету (ұрлау);
- 2) жол-көлік оқиғасы;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 8-бет
--	---	--	-----------------

- 3) өрт, жарылыс;
 - 4) дүлей апаттар, найзағай соғу;
 - 5) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, қозғалып бара жатқан көлік құралынан ұшқан тастардың тию салдарынан сақтандырылған көлік құралының әйнектерінің немесе оптикасының зақымдануы;
 - 6) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандырылған көлік құралына түрлі заттардың құлауы, атап айтқанда: қар, мұз, бұтақтар мен ағаштар, ғимараттардың/үйлердің бөліктері, терезелерден немесе ғимараттың басқа да ойықтарынан лақтырылған заттар;
 - 7) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, жолдан тыс бөлікте қозғалмай тұрған немесе қозғалып жатқан заттарға (ғимараттар, үйлер, кедергілер, қоршаулар, жануарлар, ағаштар және т.с.с.) соқтығысу (соғу);
 - 8) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, инженерлік коммуникациялардағы, желілердегі (жерасты, жер сүтіндегі, әуедегі) апаттардың көлік құралына су басу, басқа да зақымданулар;
 - 9) үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері (бұзақылық). Қасақана әрекеттер, қоғамдық тәртіпті өрескел бұзу және индивидті, қауымды, қоғамды анық құрметтемеу және масқаралау әрекеттері, азаматтарға зорлық көрсету немесе зорлық көрсету қаупі, сондай-ақ бөтен мүлікті жою немесе зақымдау – бұзақылық деп түсініледі;
 - 10) басқа күтілмеген оқиғалар.
- 5.3. Тараптардың келісімімен «қосымша жабдық» сақтандыруға қабылдануы мүмкін. Бұл ретте, сақтандыру жағдайының басталуының нәтижесінде қосымша жабдықтың (сақтандырылған көлік құралының зауыттық топтамасына кірмейтін жабдық) зақымдануы, жоғалуы немесе жойылуы – сақтандыру тәуекелі деп танылады.
- 5.4. Сақтанушы Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру шартын жасаған кезде жоғарыда көрсетілген барлық жағдайлардан, немесе жекелеген тәуекелдерден, немесе тәуекелдер жиынтығынан сақтандырылуы мүмкін.
- 5.5. Көлік құралын «Айдап әкету (ұрлау)» және/немесе «Толығымен жою» тәуекелі бойынша сақтандырған кезде көлік құралының меншік иесі ғана Пайда алушы болып көрсетілуі мүмкін. Бұл ретте, «Айдап әкету (ұрлау)» тәуекелі жоғарыда аталған тәуекелдердің бірімен бірге таңдалған жиынтықта ғана сақтандырылуы мүмкін.
- 5.6. Көлік құралын «Айдап әкету (ұрлау)» тәуекелі бойынша сақтандыру кезінде келесідей шарттар сақталуы тиіс:
- 1) автомобиль көлігі ұрлауға қарсы дабылмен және/немесе ұрлауға қарсы жүйемен жабдықталған болуы тиіс;
 - 2) сақтандырылған көлік құралын қараусыз қалдырған кезде барлық құлыптары кілттелуі және ұрлауға қарсы дабыл қосылуы, немесе рөлі қозғалыссыз қалыпта болуы тиіс;
 - 3) сақтандырылған көлік құралын 4 сағаттан астам уақытқа қараусыз қалдырған кезде автокөлік күзетілетін автотұрақта немесе қауіпсіз қоршалған жерде (тұрғын/тұрғын емес үйге іргелес жатқан қоршалған жер) қалуы тиіс;
 - 4) тәуліктің түнгі кезеңінде сақтандырылған автомобиль көлігі қауіпсіз, қоршалған жерде, күзетілетін тұрақта немесе гаражда қалуы тиіс.
- 5.7. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ келген залалдарды дәлелдеу міндеті сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

- 6.1. Егер сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың салдарынан орын алса, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) сақтанушының, сақтандырылушының және/немесе пайда алушының сақтандыру жағдайын туғызуға бағытталған немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтыратын қасақана әрекеттері, оларға аса қажет қорғану және аса қажеттілік жағдайда жасалған әрекеттер жатпайды;
 - 2) сақтанушының, сақтандырылушының және/немесе пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана қылмыстық немесе

әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттер деп танылған әрекеттері.

6.2. Егер сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың салдарынан орын алса, онда сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден азат етіледі:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивпен ластану, химиялық немесе бактериологиялық әсер және/немесе улану;
- 2) кез келген түрдегі әскери қимылдар, азаматтық соғыс, халық толқулары, әркелкі жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар және солардың салдары, террористік актілер, азаматтық немесе әскери биліктің өкімі бойынша мүлікті тартып алу, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу, жою немесе зақымдау, мәжбүрлеп мемлекеттендіру, төтенше жағдай немесе ерекше жағдай енгізу.

6.3. Сақтандырушы мен сақтанушының арасындағы келісім бойынша осы тарауда айтылған жағдайлар, қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда сақтандыруға қабылданатын тәуекелдердің қатарына енгізілуі мүмкін. Бұл ретте ерекше шарттар Сақтандыру шартында көрсетілуі қажет.

6.4. Егер Сақтандыру шартында тікелей басқаша қарастырылмаған болса, сақтандырушы төменде көрсетілгендер үшін жауапты болмайды:

- 1) сақтандырылған көлік құралының тауарлық көрінісін жоғалтуы;
- 2) сақтандырылған көлік құралының ұрлануының нәтижесінде келген залал, егер көлік құралының құжаттары (анықтама-шот, көлік құралын тіркеу туралы куәлік және т.б.) көлік құралында сақталған болса және көлік құралымен бірге ұрланған болса;
- 3) табиғи тозуы, құнсыздану немесе сақтандырылған көлік құралы жоғалғанға немесе зақымданғанға дейінгі күйімен салыстырғанда оны жақсы күйге келтірген қандай да бір жөндеу жұмысының құны үшін;
- 4) көлік құралының өзіне зақым келмей, оның бұзылуының, кесілуінің немесе тесілуінің салдарынан шинасының зақымдануы;
- 5) жапқыштардың, тенттердің, сүйреткіш арқандардың зақымдануы немесе жоғалуы, немесе соларды пайдалануға байланысты келген залал;
- 6) қандай да бір мәмілеге немесе сауда операциясына байланысты кел келген сақтандырылған көлікпен тасымалданып жатқан тауарлардың жоғалуы немесе залал келтіру немесе жауапкершілік артылу;
- 7) оңай шешілетін бөлшектердің және керек-жарақтардың (егер ЖКО-мен немесе дүлей апатпен байланысты болмаса, антенналар, әйнек тазалағыштар, дөңгелектердің қалпақтары, нөмір белгілері, эмблемалар, планшет компьютерлер, радиотелефондар, GPS-навигаторлар, бейнетіркеуіштер, құралдарды қолданбастан қондырылуы немесе шешілуі мүмкін алмалы-салмалы теле-, аудио- және бейнежабдықтар) зақымдануы немесе жоғалуы;
- 8) егер олар оқиға сәтінде автомобиль көлігінен бөлек тұрған болса, автомобиль көлігінің бөлшектерінің ұрлануы;
- 9) егер өндіруші зауыттың бекіткіштерінен басқа, ұрлауға кедергі болатын құралдармен жабдықталмаған болса, автомобиль көлігінің қосалқы дөңгелектерінің ұрлануы;
- 10) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) такси режимінде қызмет атқаруы;
- 11) көлік құралына орнатылған газ-балон жабдығын тіркеу құжаты және/немесе сәйкестік сертификаты болмаған көлік құралына келген залал.

6.5. Келесі оқиғалар сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) сақтандырылған автокөлікте темекі тартудың немесе отты абайлап қолданбаудың салдарынан көлік құралының зақымдануы;
- 2) егер олар өндіруші зауыт қондырмаған болса немесе қосалқы жабдық ретінде сақтандырылмаған болса, құралдар топтамасының, дәрі-дәрмектер топтамасының, өрт сөндіргіштің, апаттық тоқтау белгісінің, стационарлық өрт сөндіргіш құралдың ұрлануы, зақымдануы немесе опат болуы;
- 3) автокөліктің мемлекеттік тіркеу белгілерінің ұрлануы, жоғалуы немесе зақымдануы;
- 4) үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттерінің нәтижесінде дөңгелектерге келген зақымдануды қоспағанда, автокөліктің басқа элементтерімен жасалған залалға байланысты емес дөңгелектердің (шиналардың, дөңгелек дискілерінің) зақымдануы. Егер шиналардың күйі қанағаттанарлықсыз болғандақтан көлік құралын Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес пайдалануға тыйым салынған болса, әрқандай жағдайда да автокөліктің шиналарының зақымдануына байланысты залал өтелмейді;

- 5) көлік құралын пайдаланудың нәтижесінде, оның ішінде агрегаттардың ішіне бөтен заттар мен нәрселердің түсуінің салдарынан (гидросокқы, қоқыстану және т.с.с.), сондай-ақ заңнамамен және өндіруші зауыттың талаптарымен белгіленген көлік құралын пайдалану талаптарын бұзудың салдарынан детальдардың, тораптардың және агрегаттардың бұзылуы, іркілісі, сынуы (ЖКО қоспағанда);
- 6) сақтанушыға прокатқа, жалға, лизингіге берілген сақтандырылған көлік құралын қайтармау;
- 7) сақтандырылған көлік құралының кілттерін жоғалту;
- 8) автомобиль көлігін кез келген көлікпен тасымалдау/сүйрету кезінде, автомобиль көлігімен басқа автокөліктерді сүйрету кезінде орын алған оқиға;
- 9) Сақтандыру шартында көрсетілмеген, сол санаттағы автокөлік құралдарын жүргізуге құқық беретін қолданыстағы жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның, сондай-ақ Сақтанушы көлік жүргізуге рұқсат бермеген, сақтандырылған көлік құралын жүргізуге құқық беретін сенімхаты жоқ немесе жол-сапар қағазында көрсетілмеген тұлғаның автомобиль көлігін жүргізуі кезінде орын алған оқиға (автомобиль көлігін ұрлап айдап әкеткен немесе ұрлаған жағдайларды қоспағанда), сонымен қатар жүргізу куәлігінің, сенімхаттың (жол-сапар қағазының, жалдау келісімшартының), сондай-ақ көлік құралының күй-жайын техникалық бақылаудан өткені туралы талонның қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін орын алған оқиға;
- 10) сақтандырылған көлік құралын Сақтанушы (Сақтандырылушы) – заңды тұлғаның жүргізушісі (жұмыскері) қызмет уақытынан және тапсырмасынан тыс, жол-сапар қағазынсыз пайдалануы;
- 11) автомобиль көлігін заңға қайшы мақсаттарда пайдалану кезінде орын алған, оның ішінде Сақтанушы (сақтандырылған автомобиль көлігін жүргізуге рұқсат берілген тұлға) сот тарапынан қылмыстық жазалауға жататын әрекеттер жасауының нәтижесінде орын алған оқиға немесе автомобиль көлігі қылмыс құралы болып табылған кезде;
- 12) егер Сақтанушы (сақтандырылған автомобиль көлігін жүргізуге рұқсат берілген тұлға) оқиға орнынан кетіп қалған болса, уәкілетті органның қызметкерлерінің немесе Сақтандырушының өкілінің талабы бойынша медициналық сараптамадан өтуден бас тартса;
- 13) тұрақты болып тұратын себептердің нәтижесінде орын алған оқиға, оның ішінде тозуды, тот басуды, шіруді, өнезді, саңырауқұлақшаларды, ылғалды немесе құрғақ шіру, жайлап нашарлау, латентті ақаулар, зауыттық ақауы, жайлап өрістеп жатқан деформация немесе бұрмалану;
- 14) төбеден немесе люктен су ағудың (егер төбе немесе люктер сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымданбаған болса) немесе әйнектерді ашық қалдырудың нәтижесінде орын алған оқиға;
- 15) электр- және/немесе басқа жабдықтардағы ақаулардың, электр- және/немесе басқа жабдықтардағы, оның ішінде электр сымдарындағы кез келген қысқа тұйықталудың нәтижесінде туындаған өрт;
- 16) оқшаулаудың бұзылуы, оның ішінде қысқа тұйықталудың нәтижесінде келген залал:
 - а) орамдағы тұйықталу;
 - б) корпустағы тұйықталу;
 - в) жеткіліксіз контакт;
 - г) өлшеуіш, реттеуіш аспаптардың және қауіпсіздікті қамтамасыз етуші аспаптардың істен шығуы.
- 17) жол полициясы органдарының және жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқа құзырлы органдардың жұмыскерлерінің өкімдерін, талаптарын немесе ұйғарымдарын Сақтанушының (сақтандырылған автомобиль көлігін жүргізуге рұқсат берілген тұлғаның) орындамауының нәтижесінде орын алған оқиға;
- 18) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз автомобиль көлігін жалға, лизингіге немесе прокатқа беру кезеңінде орын алған оқиға;
- 19) ашық от көздерін және/немесе басқа жылыту аспаптарын, сондай-ақ сақтандырылған көлік құралының капотының астындағы кеңістікті, оның салонын немесе жекелеген тораптары мен агрегаттарын жылыту үшін қыздыру талшығы бар аспаптар мен техниканы пайдаланудың салдарынан орын алған оқиға;
- 20) үшінші тұлғалардың мүлкіне және өміріне, денсаулығына келтірілген зиян;
- 21) сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиғалар;
- 22) сақтандыру жағдайының сақтандыру аумағынан немесе сақтандыру қорғанысының қолданыс кезеңінен тыс басталуы;
- 23) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Сақтандыру шартында қарастырылмаған міндеттерін орындамауының салдарынан туындаған оқиға;

24) көлік құралының ауа жинағыштың енгізу құбырына немесе мотор бөлігінің (капот асты кеңістігінің) басқа детальдарына сұйықтықтың немесе басқа заттардың түсуі және қозғалтқыштың цилиндрінде (цилиндрлерінде) гидравликалық соққының (соққылардың) туындауына әкеп соқтыру;

25) көлік құралын өртеу нәтижесінде орын алған оқиға егер сараптама нәтижелері өртеу мүліктің сақталуына мүдделі тұлғаның тарапынан жасалғанына көрсетсе).

6.6. Төмендегілердің салдарынан туындаған залалдар сақтандыру қорғанысымен өтелмейді:

1) сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының қаскөйлік пиғылы, салғырттығы;

2) көлік құралына зауыт топтамасына кірмейтін, соңынан сақтандыру жағдайының басталуына себеп болуы мүмкін жабдықтарды, аспаптарды, агрегаттарды, механизмдерді және т.с.с. өзі дербес орнату;

3) өрт қауіпсіздігі ережелерін, улы, өртке қауіпті, жарылғыш заттарды, сондай-ақ химикаттарды немесе газдарды сұйық, тығыздалған немесе газ тәрізді нысанда тасымалдау және сақтау ережелерін бұзу;

4) сұйық заттарды (мұнай, бензин, газ және т.с.с) тасымалдау ережелерін бұзу, оның ішінде мамандандырылған автоцистерналарды пайдалану ережелерін бұзу;

5) қоршаған табиғи ортаны ластау;

6) көлік құралын ұстауға, жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге белгіленген нормативтік құжаттардың талаптарын бұзу немесе сақтамау, сондай-ақ сақтандырылған көлік құралын оның мақсатына сай пайдаланбау;

7) көлік құралының зауыттық ақауы;

8) сақтандырылған көлік құралы:

а) оның жүк көтеру шегінен асырып пайдалану;

б) қауіпсіздік талаптарын бұзып немесе ақаулы жағдайда, немесе сақтандыру жағдайына дейін немесе сақтандыру жағдайынан кейін пайдалану;

в) сақтандырылған көлік құралын қауіпсіз басқаруға зиян келтіретіндей немесе қандайда бір адамға немесе мүлікке зиян келтіретіндей мөлшерде немесе тәрізде жолаушылар немесе жүк тасымалдау;

г) егер Сақтандыру шартында басқа талаптар келісілмеген болса, жарыстарда (сынақ жүрістерінде), раллиде, кез келген түрдегі сынамаларда (жүрдек сынамаларда, сынама жүрістерді және ресурсты сынама шараларында) немесе автомобиль жүргізуге үйрету үшін пайдалану;

д) сақтаншы (сақтандырылушы) қылмыс құралы ретінде пайдалану;

е) сақтанушы (пайда алушы) болып табылмайтын тұлғаның немесе Сақтандыру шартында сақтанушы ретінде көрсетілмеген немесе Сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру туралы өтініште сақтандырылған көлік құралын жүргізуге рұқсат берілген тұлғалар қатарында көрсетілмеген тұлғаның пайдалануы;

ж) алкоголь, есірткі, токсикологиялық заттарды пайдаланған немесе басқа да мастану халіндегі тұлғаның жүргізуі салдарынан сақтанушының мүліктік мүддесіне әрқалай келген залал;

9) Сақтанушының (сақтандырылған көлік құралын жүргізуге рұқсат берілген тұлғаның) көлік құралын басқару кезінде пайдалануға тыйым салынған емдік және медикаментоздық дәрі-дәрмектерді қолдануы;

10) сақтандырылған көлік құралын жүргізуге құқығы жоқ тұлғаның басқаруы;

11) техникалық тұрғыдан ақаулы күйде болған.

6.7. Сақтандырушы Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру шарты бойынша келесілер үшін жауапты болмайды:

1) Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасынан асатын зиянды өтеу туралы талап;

2) сақтандыру аумағынан тыс жерде келген зиянды өтеу туралы талап;

3) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, спорт жарыстарына қатысу кезінде немесе сондай жарысқа дайындық кезінде келген зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;

4) моральдық зиян және жіберіп алған олжа;

5) іркілістің салдарынан келген залал, оның ішінде жабдықтың, сондай-ақ оны уақытша пайдалану мүмкін болмағандықтан орын алған іркілістің ұрлануынан;

6) айыппұлдар және/немесе кез келген әкімшілік өндіріп алулар мен санкциялар;

7) жауапкершіліктері бір Шарт бойынша сақтандырылған сақтанушылардың бір-біріне қойған талаптары;

8) сақтандырылған көлік құралымен тасымалданып жатқан немесе сол көлікте болған мүлікке келген залал немесе мүліктің зақымдануы;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 12-бет
--	---	--	------------------

9) көлік құралын тиеу немесе түсіру кезінде, сондай-ақ көлік құралын порталмен немесе эвакуатормен эвакуациялау немесе тасымалдау кезінде келген залал;

10) антикварлық немесе бірегей бұйымдардың, бағалы металдардан, асыл тастардан, жартылай асыл және жасанды тастардан жасалған бұйымдардың, діни мәдениет бұйымдарының, топтамалардың, картиналардың, қолжазбалардың, ақшалардың, бағалы қағаздардың зақымдануынан немесе опат болуынан келген залал;

11) егер үшінші тұлғаның қатысқаны тиісті құжаттармен расталмаған болса, ЖКҚ (соқтығысу) нәтижесінде келген залал;

12) қандай да бір сақтандырылмаған тіркемені немесе қосымша жабдықты пайдаланудан туындаған әрқандай бір оқиға үшін.

6.8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы үшін келесілер негіздеме болып табылады:

1) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту үшін сақтанушының қасақана шаралар қолданбауы;

3) сақтанушының (сақтандырылушының) залал келгені үшін кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдың тиісті өтемақысын алуы;

4) сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын анықтауына және сақтандыру жағдайынан келген залалдың мөлшерін белгілеуіне сақтанушының кедергілер келтіруі;

5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімде сақтандырушыға хабарламау;

6) сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан сақтанушының бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығының сақтандырушыға өтуі үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тарту. Егер сақтандыру төлемі төленіп қойған болса, сақтандырушы оның толығымен немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;

7) егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте Сақтандыру шарты әлі күшіне енбеген болса немесе күшін жоғалтқан болса;

8) сақтандыру жағдайы құзырлы органдарда (ішкі істер органдары, ТЖМ, өрт сөндіру қызметі және т.с.с.) құжаттармен тіркелмеген болса;

9) жол-көлік оқиғасы жасалған жағдайда сақтанушының (сақтандырылушының) психикалық активті заттарды қолданған фактіні және мастану халін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтпеу және/немесе медициналық куәландырудың тиісті хаттамасын бермеу;

10) сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында келісілген шарттар мен ескертулерді сақтамауы.

6.9. Сақтандырушыны Ережеде және Сақтандыру шартында көзделген себептер бойынша сақтанушыға сақтандыру төлемдерін төлеуден азат ету – бір мезгілде сақтандырушыны пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.

6.10. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін басқа да негіздемелер қарастырылуы мүмкін.

6.11. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, сақтанушы Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннен кейінгі сағат 00:00-ден бастап қолданысқа енеді, алайда Сақтандыру шарты жасалған күннен бұрын емес.

7.2. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайда сақтандыру кезеңі Сақтандыру шартында көрсетіледі.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 13-бет
--	---	--	------------------

7.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, белгіленген үлгідегі Сақтандыру шарты (полис) сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейін 3 (Үш) күн ішінде сақтанушыға беріледі.

7.4. Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін, франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.

7.5. Сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру аумағы ұлғайтылуы да, кішірейтілуі де мүмкін. Сақтандыру аумағы Сақтандыру шартында (полисте) көрсетіледі.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарттары белгіленген нысанда толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде сақтанушы сақтандырушыға өзінің осы көлік құралын пайдалануға құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге, сақтандыруға қабылданып жатқан көлік құралын пайдалануға қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдаяттар, оның ішінде тиесілігі, орналасқан жері, күй-жайына ықпал ететін пайдалану шарттары, тауарлық көрінісі және т.б. туралы хабарлауға міндетті, Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2. Сақтандыру шартын жасау үшін сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін. Сақтандырушы себептерін түсіндірместен, сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.3. Сақтандыру шарты жазбаша немесе электронды түрде жасалады:

- 1) Тараптардың Сақтандыру шартын жасауы;
- 2) сақтанушының сақтандырушы әзірлеген Сақтандыру ережесінің үлгілік шарттарына біржақты тәртіпте қосу және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруі.

8.4. Сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушы көлік құралын бақылау үшін сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы сақтандыруға қабылдап жатқан көлік құралын бақылап тексереді және Сақтандыру шартын жасау сәтінде анықталған зақымдануларды тіркейді. Қажет жағдайда көлік құралының шынайы құнын анықтау үшін тәуелсіз сараптама тағайындалады. Сараптама үшін төлем жасау шарттары Тараптардың келісімімен белгіленеді. Сақтандыру шартын рәсімдегеннен кейін аталған құжаттар Шарттың ажыратылмас бөлігі болып саналады. Сақтандырушының шешімі бойынша көлік құралы оған алдын ала бақылап тексеру шарасын жүргізбей-ақ сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

8.5. Егер көлік құралын бақылап тексеру кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне ісер етуі мүмкін ақаулар анықталса, онда ол көлік құралы аталған ақауларды түзеткеннен кейін сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

8.6. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау кезінде хабарлаған мән-жайларда едәуір өзгерістер болғаны өзіне белгілі болса және ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушы (Пайда алушы) ол жөнінде туралы сақтандырушыға шұғыл хабарлауға міндетті.

8.7. Сақтандыру туралы өтініште, Сақтандыру шарттарында (сақтандыру полисінде) көрсетілген мәліметтердегі өзгерістер – едәуір өзгертулер деп танылады. Сақтанушы сонымен қатар келесілерді сақтандырушыға хабарлауға міндетті:

- 1) мүлікті жалға, лизингіге, прокатқа, кепілге беру немесе басқалай ауыртпалықтардың қойылуы, немесе үшінші тұлғалардың меншігіне беру туралы;
- 2) автомобиль көлігін қайта жабдықтау туралы;
- 3) келген залал өтелуге жата ма, жоқ па, оған қарамастан, сақтандырылған мүліктің зақымдануы немесе опат болуы туралы;
- 4) автомобиль көлігін пайдаланудың сипатындағы едәуір өзгерістер, жол полициясы органдарында есептен шығарғаны, қайта тіркегені туралы;

- 5) сақтандырылған автомобиль көлігін санамаларда, сорт жарыстарында немесе оқу жаттығуларында пайдалануы туралы;
- 6) автомобиль көлігінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін (КҚТК), автомобиль көлігінің кілттерін жоғалтқаны, ұрлатқаны немесе ауыстырғаны туралы;
- 7) өтініште көрсетілген көлік құралын сақтау шарттарының өзгергені туралы;
- 8) сақтандырылған автомобиль көлігіне Сақтандыру шартында келісілмеген тұлғаның билік жүргізуіне (басқаруына) құқық бергені туралы;
- 9) шанақтың немесе қозғалтқыштың, қосымша жабдықтың ауыстырылғаны туралы;
- 10) сақтандыру тәуекелін өзгертуге әкеп соқтыратын басқа да мән-жайлар туралы.
- 8.8. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын сол артқан мөлшерге тең көлемде төлеуді талап етуге құқылы. Егер сақтанушы (пайда алушы) Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, сақтандырушы осы Ереженің шарттарымен көзделген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
- 8.9. Автомобиль көлігін сатқан немесе сыйға тартқан жағдайда, сондай-ақ мүлікті бөлген кезде, сақтандырушының келісімімен, Сақтандыру шартын (полисті) көлік құралының жаңа иесіне беруге болады. Ол үшін сақтандырушыға өтініш жасады. Автомобиль көлігі басқа тұлғаның меншігіне өткен жағдайда Сақтандыру шарты (полис) қайта рәсімделуі тиіс.
- 8.10. Сақтанушы қайтадан сатып алған автокөлік құралына жасалған Сақтандыру шартын қайта рәсімдеуге құқылы. Бұл ретте, сақтандырушыға көлік құралын бақылау тексеруге мүмкіндік жасау, жаңадан сатып алған көлік құралына қатысты барлық ақпараттар мен құжаттарды сақтандырушыға беруі тиіс. Мұндай жағдайда сақтандырушы сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлерін бұрынғы Сақтандыру шартының қолданыс кезеңін есепке ала отырып, қайта есептейді.
- 8.11. Сақтандыру шартын (полисті) жоғалтқан кезде сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған дубликатын беруге міндетті. Бланкіні (сақтандыру полисін) дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.
- 8.12. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылған болса, сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.
- 8.13. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік сақтандырушыға артылады. Сақтандыру шартының жекелеген шарттарының толық болмауының салдарынан Сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда, ол дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

- 9.1. Сақтандыру тәуекелдерінің әсер етуі нәтижесінде көлік құралының (оның бөлшектерінің) зақымдануынан, жойылуынан немесе жоғалуынан туындаған мүлдіктің шығындар – сақтандыру төлемінің сомасын есептеу мақсатында «нақты залал» деп түсініледі.
- 9.2. Тәуелсіз сараптама ұйымы көлік құралын қалпына келтіру үшін жөндеу жұмыстары экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп белгілесе, сондай-ақ қалпына келтіру мақсатындағы жөндеу жұмыстарының құны – сақтандыру жағдайы басталған сәттегі сақтандыру объектісінің шынайы құнының 80%-ынан асып түскен жағдайда, көлік құралының опат болуы (зақымдануы) – көлік құралының «толық опат болуы» деп түсініледі.
- 9.3. Көлік құралын жөндеу арқылы бастапқы тағайындалуы бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру мүмкін болған жағдай және оны қалпына келтіру жұмыстары – сақтандыру жағдайы басталған сәттегі бағалау бойынша, сақтандыру жағдайы басталған сәттегі сақтандыру объектісінің шынайы құнының 80%-ынан аспайтын болса, көлік құралының сапалық сипаттамаларының нашарлауы – оның «зақымданғаны» болып түсініледі.

9.4. Сақтандырылған көлік құралының сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі күймен салыстырғанда жақсарту бойынша шығындар, сондай-ақ жіберіп алған олжа, тауарлық құнын жоғалту және моральдық зиян нақты залалдың сомасына кіргізілмейді.

9.5. Сақтандырушы залалдың мөлшерін сақтандыру жағдайы басталған сәттегі зақымданған көлік құралының құнын есепке ала отырып, жүргізілген тексерістің және өз жасаған калькуляцияның негізінде айқындайды. Тараптардың әрбірі тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Бұл ретте сараптама бастамашы болған Тараптың есебінен жүргізіледі.

9.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандырылған мүліктің толық құны көлемінде төлеген жағдайда, сақтандырушы сақтандырылған мүлікті немесе оның қалдықтарын талап етуге құқылы, ал сақтанушы /пайда алушы оларды сақтандырушыға беруге міндетті.

Егер сақтандыру төлемін төлеу кезінде сақтандырушы сақтандырылған мүліктің жекелеген детальдарын, тораптарын, агрегаттарын ауыстыру үшін жекелеген қосалқы бөлшектерді сатып алуға кеткен шығындарды аталған заттардың қалдық құнын есептен шығармай өтейтін болса, онда сақтандырушы жөндеу барысында ауыстырылған детальдарды, тораптарды, агрегаттарды талап етуге құқылы, ал сақтанушы/пайда алушы оларды сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.

Егер сақтандыру төлемін төлегенге дейін Сақтанушы/Пайда алушы ауыстырылып жатқан детальдарды, тораптарды, агрегаттарды сақтандырушыға беруден бас тартса, онда Сақтандырушы аталған детальдарды, тораптарды, агрегаттарды жөндеу құнын есепке ала отырып, оларды жөндеудің экономикалық тұрғыдан тиімділік сомасы көлемінде, сақтандыру төлемінің сомасын қайта қарауға, немесе өзінің қалауы бойынша, сақтандыру төлемін аталған детальдардың, тораптардың, агрегаттардың, олардың қалдықтарының қалдық құнынан шегере отырып төлеуге құқылы.

Сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін сақтанушының/пайда алушының детальдарды, тораптарды, агрегаттарды сақтандырушыға беруден бас татуына жол берілмейді.

9.7. Нақты залал келесідей анықталады:

1) көлік құралын айдап әкеткен немесе ұрлаған кезде – келісілген франшизаны ескере отырып, ұрланған көлік құралының бағалау құнына қарай, бірақ Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде;

2) көлік құралы толығымен опат болған кезде – көлік құралының бағалау құны мөлшерінде, бірақ келісілген франшизаны, амортизациялық тозудың сомасын және егер бар болса, қалдықтардың (пайдалануға немесе зақымданған объектінің құрамдас бөлшектерін сатуға жарамды) құнын шегеріп тастап, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде. Қалдықтардың құны тозуды есепке ала отырып, белгіленеді. Сақтандыру төлемін сақтандырылған көлік құралының шынайы құнының 80 %-ынан асатын мөлшерде төлеген жағдайда, сақтандырушы сақтанушының сақтандыру объектісінен сақтандырушының пайдасына бас тартуын талап етуге құқылы;

3) егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, көлік құралы зақымданған кезде залалдың мөлшері франшизаны, амортизациялық тозуды және көлік құралының зақымданған бөлшектерінің құнсыздануын есепке алғанда, сақтандырылған көлік құралының құнын оның сақтандыру жағдайы басталған сәттегі күйіне тең мөлшерге келтіру үшін көлік құралын жөндеу жұмыстарына кеткен шығындардың құнына тең болады.

9.8. Қалпына келтіруге кеткен шығындарға келесілер кіреді:

1) қалпына келтіру үшін қажет материалдар мен қосалқы бөлшектерге кеткен шығындар;

2) қалпына келтіру бойынша жұмыстарға кеткен шығындар. Қалпына келтіруге кеткен шығындар – қалпына келтіру (жөндеу) барысында ауыстырылған материалдар мен қосалқы бөлшектердің тозу құнын шегеріп тастап, анықталады.

9.9. Егер сақтандырылған көлік құралын пайдалану қауіпсіздігіне қауіп болмай оларды ауыстыру мүмкін болғанына қарамастан зақымданған бөлшектер ауыстырылатын болса, сақтандырушы сақтанушыға аталған бөлшектерді жөндеу құнын өтейді, бірақ ол құн – бөлшектерді ауыстыру құнынан аспауы тиіс.

9.10. Қалпына келтіруге кеткен шығындарға келесілер кірмейді:

1) сақтандырылған объектідегі өзгерістерге және/немесе оны жақсартуға байланысты шығындар;

2) уақытша (қосалқы) жөндеу немесе қалпына келтіру шараларына байланысты шығындар;

3) жабдықта қайта жинау бойынша, оны профилактикалық жөндеу және қызмет көрсету бойынша шығындар, сондай-ақ сақтандыру оқиғасына байланыссыз жасалған басқа жөндеу жұмыстары.

9.11. Орнатылған жабдықтың зақымдану, жоғалу немесе опат болу тәуекелі бойынша мүлікке келген зиянның мөлшері зақымданған мүлікті қалпына келтіру құнын есептеу арқылы, келісілген франшизаны, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін мүлікке есептелген амортизацияны (тозуды) шегеріп тастап, анықталады. Зақымданған мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күні қолданыста болған нарықтық құндарға қарай есептеледі.

9.12. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы пайда алушыға Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру төлемін төлейді.

9.13. Сақтандыру төлемі сақтанушының сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтінішінің және сақтандырушы немесе сол уәкілеттік берген тұлға әзірлеген сақтандыру актінің (қорытындының) негізінде жүзеге асырылады.

9.14. «Үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.15. Көлік құралы сақтандыруға шынайы құнынан аз сақтандыру сомасында қабылданған жағдайда, егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, залалдың мөлшеріне қатысты сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандырылған көлік құралының шынайы құнына шаққандағы сақтандыру сомасына тең мөлшерде белгіленеді.

9.16. Сақтандырылған объектіге қатысты барлық жасалған Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомалары нақты залал мөлшерінен аспауы тиіс.

9.17. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен төленеді.

9.18. Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін залалдың сақтандыру төлемінің сомасы мөлшеріндегі заттай өтемімен ауыстыру да қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сақтандырушы сақтанушының иелігіне ұрланған, жойылған немесе зақымданған көліктің немесе тораптар мен агрегаттардың сапалық сипаттамалары мен тұтынушылық қасиеттері бірдей ұқсас көлік құралын немесе тораптар мен агрегаттарды беру арқылы залалды өтеуге құқылы.

9.19. Жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қараудың және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шекті мерзімі Компанияға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

9.20. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат не ұсынылған құжаттарға мәліметтер талап етіледі, ұйым сақтанушыны (сақтандырылушыны, пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

9.21. Бұл ретте басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

9.22. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін пайда алушыға – сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 10 (Он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

9.23. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, ол жөнінде сақтанушыға жазбаша түрде, сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 15 (Он бес) жұмыс күні ішінде бас тартудың уәжді негіздемелерін көрсетіп және Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

9.24. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нормаларының негізінде сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы, бұл ретте, әрқандай жағдайда да моральдық зиян, жіберіп алған олжа, қандай да бір жанама залалдар (айыппұлдар, өсімақылар және т.с.с.) сақтандырумен өтелмейді.

9.25. Ақшаларды Сақтандырушының банктік шотынан шығынға жазған немесе жәбірленуші Сақтандырушының кассасынан қолма-қол ақша алған күн – төлем жасалған күн болып саналады.

9.26. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандыру шарты бойынша төлем жасалған кезде ол Сақтандыру шарты сонда көрсетілген мерзімнің аяғына дейін, сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің сомасы арасындағы айырмашылықтың мөлшерінде өз күшін сақтап қалады.

9.27. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша уәкілетті мемлекеттік органдары қылмыстық іс қозғаған болса, онда сақтандырушы тергеу немесе сот органдарының тергеу нәтижелері туралы құжаттарын немесе соңғы процессуалдық шешімді алғанға дейін сақтандыру төлемін төлеу туралы мәселені шешуді кейінгі қалдыруға құқылы және ол жөнінде сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

9.28. Егер заңнамамен белгіленген талап қою мерзімі ішінде сақтанушыны (пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жайлар анықталса, сақтанушы (пайда алушы) алған сақтандыру төлемінің сомасын сақтандырушыға кері қайтаруға міндетті.

9.29. Ұрланған мүлік қайтарылған сақтанушы, 2 айлық мерзімде сақтандырушыға сақтандыру төлемінің сомасын, егер ішінара залал келген болса, сол залалды шегере отырып, қайтаруға міндетті.

9.30. Егер шығындар сақтандырушының нұсқауын орындау үшін қажет немесе жүзеге асырылған болса, көрсетілген жасалған шаралар сәтсіз болған болса да, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе оның алдын алу бойынша шығындарды сақтандырушы өтеуі тиіс. Мұндай шығындарды сақтандырушы сақтандыру сомасының көлік құралының шынайы (сақтандыру) сомасына шаққандағы қатынасына тең мөлшерде өтейді. Бұл ретте, сақтандыру төлемінің және шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Көрсетілген шығындар – сол шығындар келген тұлғаның өзіне өтеледі.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту үшін барлық мүмкін болған шараларды, оның ішінде көлік құралын құтқару шарасын қолдануға;
- 2) шұғыл түрде, бірақ жазбаша залалды анықтаған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей («Айдап әкету (ұрлау)» тәуекелі бойынша 24 сағат ішінде) ол жөнінде сақтандырушыға жазбаша хабар беруге. Егер сақтанушының белгіленген мерзім ішінде дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаған болса, онда ол себептерді құжаттармен растауы тиіс;
- 3) болған оқиға туралы шұғыл хабарлауға және ол оқиғаны құзырлы органдарда және ұйымдарда (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметі, ТЖ жөніндегі органдар және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес т.б. қызырлы органдар мен ұйымдар) құжаттармен тіркеуге;
- 4) сақтандырушының өкіліне зақымданған көлік құралына бақылау немесе зерттеу жүргізуге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты зерттеу жүргізуге, залалды азайту шараларына қатысуға мүмкіндік беруге;
- 5) сақтандырушының жазбаша келісінсіз, зақымданған көлік құралын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеуге;
- 6) құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ залалды азайту мақсатында жүзеге асырылған әрекеттерді қоспағанда, сақтандырушының жазбаша келісінсіз сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ сол сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір міндеттемелер алмауға, қандай да бір ұсыныстарды мойындамауға және қабылдамауға, қандай да бір төлемдер жасамауға және төлем жасауға уәде бермеуге;
- 7) залалдың туындау мән-жайларын, көрсете отырып, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушы белгілеген нысанда жазбаша өтініш беруге, сондай-ақ сақтандырушы сұратқан, сақтандыру оқиғасының себептерін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау үшін қажет барлық құжаттарды беруге.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандыру төлемін алу үшін сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) төмендегілерді құжаттармен дәлелдеуге міндетті:

 сақтандыру компаниясы ВИКТОРИЯ страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 18-бет
--	--	---	-----------------------------

- 1) сақтандырылған автомобиль көлігіндегі (мүліктегі) өзінің мүддесін;
- 2) сақтандыру жағдайының болуын;
- 3) келген залалдардың мөлшерін.

11.2. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандырушыға келесідей құжаттарды өткізуі тиіс:

а) жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін: сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; Сақтандыру шарты; сақтанушының (пайда алушының) жеке басын куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген деректер; жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік (егер сақтанушы жеке тұлға болса және жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырып жатса); сақтандырушыда істерді жүргізуге және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін сенімхат (занды тұлға үшін немесе пайда алушының мүддесін қорғаған жағдайда);

б) сақтандырылған автомобиль көлігін сақтаудағы мүддесін дәлелдеу үшін: сақтандырылған автомобиль көлігіне иелік ету құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік; автомобиль көлігін жүргізуге құқық беру туралы сенімхат (егер болса) немесе сақтандыру жағдайы басталған сәтте автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жол-сапар қағазы; сақтандыру жағдайы басталған сәтте автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жүргізуші куәлігінің көшірмесі; сақтандыру жағдайы басталған сәтте автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жеке басын куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген деректер; егер көлік құралы жалдау келісімшартының негізінде пайдаланылған болса, автомобиль көлігін жалдау келісімшартының көшірмесі; меншік иесінің атынан автомобиль көлігіне иелік ету, пайдалану және/немесе билік жүргізу құқығын растайтын басқа құжаттың көшірмесі және т.с.с.);

в) сақтандыру жағдайының бар екенін дәлелдеу үшін:

- 1) егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, жол-көлік оқиғасы болған кезде: жол-көлік оқиғасы болғаны туралы хаттаманың көшірмесі және соның қосымшасы; көлік құралдарын және оқиға орнын бақылап тексеру актілерінің көшірмелері, әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулы, жол-көлік оқиғасының қатысушыларын медициналық куәландыру анықтамасы; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларға тергеу, сыныптандыру және есеп жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын жол полициясы органдары және құқық қорғау органдары (тергеу, сот және т.с.с) әзірлеген өзге құжаттар;
- 2) үшінші тұлғалар заңға қайшы әрекет жасаған кезде: оқиға орнын тексеру хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы (немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы) қаулының көшірмелері, іс бойынша өндірісті уақытша тоқтату туралы қаулының көшірмесі (автомобиль көлігін айдап әкеткен немесе ұрлаған жағдайда); айыпталушы ретінде (заңға қайшы әрекеттер жасаған тұлғаны анықтаған кезде) тарту туралы қаулының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларға тергеу, сыныптандыру және есеп жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын уәкілетті органдар (комиссиялар) арнайы әзірлеген өзге құжаттар; автомобиль көлігін айдап әкеткен немесе ұрлаған жағдайда қосымша ұрланған (айдап әкетілген) автомобиль көлігінің түпнұсқа кілттерінің толық топтамасы; сақтандырылған автомобиль көлігі солармен жабдықталған басқару пульттерінің, салпыншақтардың, карточкалардың, барлық ұрлаудан қорғайтын электрондық және электрондық-механикалық жүйелердің белсенді және белсенді емес активаторларының толық топтамалары;
- 3) дүлей апаттар кезінде: гидрометеозықметтің өңірлік бөлімшелері, сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларға тергеу, сыныптандыру және есеп жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын мемлекеттік комиссиялар, құзырлы органдар әзірлеген актілер, қорытындылар, өзге құжаттар;
- 4) басқа күтілмеген оқиғалар кезінде: өрт қауіпсіздігі және құқық қорғау органдары берген актілердің, өрт-техникалық сараптама қорытындыларының, жол-көлік оқиғасы хаттамаларының көшірмелері және хаттаманың қосымшасы; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларға тергеу, сыныптандыру және есеп жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын уәкілетті органдар (комиссиялар) арнайы әзірлеген өзге құжаттар;

г) келген залалдардың мөлшерін анықтау үшін: зақымданған көлік құралына тексеру және зерттеу жүргізу үшін Сақтандырушының маманына көлік құралына жетуді қамтамасыз ету және сақтандырушының келген залалды бағалауы және калькуляция жасауы үшін қажет құжаттарды беру.

д) Сақтандырушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюы үшін қажет құжаттар;

е) кепілдегі автокөлікті сақтандыру үшін:

- қарыз келісімшартының немесе оның дубликатының көшірмесі (қосымшаларымен);
- кепілге қою келісімшартының немесе оның дубликатының көшірмесі (қосымшаларымен);
- сақтандыру жағдайы басталған күнгі негізгі қарыз қалдығы туралы (пайда алушының) банк берген анықтаманың түпнұсқасы.

ж) сақтанушы берген маманд. ТЖО-ның шотын сақтандырушының төлеуі арқылы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде: Орталықтан төлем туралы шот; автомобиль көлігін жөндеу бойынша, сақтанушы мен Маманд. ТЖО өкілі қол қойған шот-фактура және орындалған жұмыстар акті, жасалған жұмыстардың атауы мен құнын және т.б. көрсету арқылы.

11.3. Сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе Шартта және Сақтандыру ережесінде жазылған қосымша құжаттарды (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Шарт жасасу/полисті ресімдеу күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған), егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және оның мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, талап етуге құқылы залал

11.4. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) көлік құралын сақтауға мүддесін, сақтандыру жағдайының басталғанын және келген залалдың мөлшерін растайтын өзге де дәлелдерді ұсынуға құқылы.

11.5. Егер ол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау мүмкін болмаса және сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, сақтандырушы сақтанушыдан, (сақтандырылушыдан, пайда алушыдан) осы Ереженің тиісті тармағында көрсетілмеген өзге де құжаттарды өткізуді талап етуге құқылы.

11.6. Құжаттарды қабылдап алған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған күн көрсетілген анықтама беруге міндетті.

Сақтанушы осы Сақтандыру шартында қарастырылған құжаттарды өткізбеген жағдайда сақтандырушы шұғыл түрде, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде, жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

11.7. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша құзырлы органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, сақтандырушы сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті органдарға өзі дербес сауалхат жіберуге құқылы.

11.8. Барлық құжаттар сақтандырушыға түпнұсқа түрінде немесе нотариалды түрде куәландырылған немесе құзырлы органның түпнұсқа мөрімен және уәкілетті тұлғасының қолтаңбасымен куәландырылған көшірмелері түрінде, немесе аталған құжатты шынайы уақытта тексеру мүмкіндігін растайтын электрондық нысанда беріледі.

11.9. Болған оқиға туралы толық ақпарат алу мақсатында сақтандырушы құзырлы органдардан (ішкі істер органдарынан, өртті қадағалау органынан, апат-техникалық қызметтен, газ желісі апаты қызметінен, оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпаратқа ие кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан) мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оқиғаның туындау себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтауға құқылы.

11.10. Сақтанушы осы тармақта көрсетілген талаптарды орындамаған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру төлемін Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде уақытылы алуға;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 20-бет
--	---	--	------------------

- 3) сақтандырушымен келісіп, Сақтандыру шартына өзгерістер енгізуге;
- 4) сақтандырушымен келісіп, сондай-ақ егер Сақтандыру шартында келісілген болса, онда пайда алушының да келісімімен, пайда алушыны немесе сақтандырылушыны ауыстыруға;
- 5) Сақтандыру шартын (полисті) жоғалтқан жағдайда оның дубликатын алуға;
- 6) сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайлы сот тәртібінде шағымдануға;
- 7) Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және шарттармен Сақтандыру шартын бұзуға;
- 8) сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының өкіліне тиісті органдарда өзінің мүддесін қорғау үшін өкілдік беруге.

12.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелінің басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандырушының уәкілетті өкіліне көлік құралын бақылап тексеруге беруге және көлік құралының барлық ішкі және сыртқы зақымдары туралы хабарлауға;
- 3) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 4) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде аталған сақтандыру объектіне қатысты басқа да жасалған немесе жасалып жатқан сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) сақтандырушының талабы бойынша сақтандырылған көлік туралы барлық мәліметтерді сақтандырушыға беруге;
- 6) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да 3 (Үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, тәуекел дәрежесінің артуына байланысты барлық едәуір өзгерістер туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 7) көлік құралын ұрлауға қарсы дабылмен жабдықтауға. Көлік құралы қараусыз қалған жағдайда оны кілттеуге және ұрлауға қарсы дабыл жүйесін іске қосуға. Сағат 00:00ден 06:00-ге дейінгі кезеңде көлік құралын қауіпсіз жерде қалдыруға. Бұл шарт «айдап әкету/ұрлау» тәуекеліне және үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттерінің нәтижесінде келген залалға қатысты қолданылады;
- 8) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 9) сақтандыру жағдайларының алдын алу үшін барлық мүмкін болған және дұрыс шараларды қолдануға, сондай-ақ белгіленген және жалпыға қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға, көлік құралын Қазақстан Республикасының Жол жүру ережелерімен белгіленген қауіпсіздік талаптарына және техникалық шарттарға сәйкес пайдалануға;
- 10) осы Ереженің 9.6. тармағында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін төлегеннен кейін мүлкті немесе оның қалдықтарын, ауыстырылатын детальдарын, тораптарын, агрегаттарын Сақтандырушыға беруге;
- 11) сақтандырылушыларды сақтандыру шарттарымен таныстыруға;

12.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға;
- 2) ұрлауға қарсы дабылмен және/немесе айдап әкетуге қарсы жүйемен жабдықталмаған «Айдап әкету (ұрлау)» тәуекелі бойынша, сондай-ақ автокөлік құралы ұзақ уақытқа (демалыс, түнеу және т.с.с.) арнайы жабдықталған орыннан тыс жерде қалдырылған болса, автокөлік құралын сақтандыруға қабылдаудан бас тартуға;
- 3) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес уақытылы алуға;
- 4) егер сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы бар мән-жайлар сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болуы тиіс болмаса, сақтандыру жағдайының ықтимал басталуын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін анықтау үшін едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді сақтанушыдан алуға;
- 5) сақтандыру тәуекелін бағалауға, оның ішінде сақтандыру объектісін тексеруге, артынан сақтандырушы белгіленген нысандағы тексеру актісін жасауға және міндетті түрде актіге сақтанушының қолын қойдыруға;
- 6) сақтанушы хабарлаған сақтандыру объектісінің сипаттамасына сәйкестігі туралы ақпаратты тексеруге, сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) Сақтандыру шартының талаптарын орындауды талап етуге;

- 7) сактандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы ақпарат алуға;
 - 8) сактандыру жағдайының басталғанын құжаттар растауға;
 - 9) сактанушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Ережеде және Сактандыру шартында қарастырылған жағдайларда Сактандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 10) сактандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтауға;
 - 11) сактанушының залал туралы хабарлама-хатын күтпей-ақ, зақымданған көлік құралын тексеруге кірісуге. Мұндай сактанушы сактандырушыға кедергі жасамауы тиіс;
 - 12) қажет жағдайда құзырлы органдарға сактандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпараттарды беру туралы сауалхат жіберуге;
 - 13) сактандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаға кері талап қоюға;
 - 14) егер сактандырушыға сактандыру тәуекелін арттыратын мән-жайлар туралы белгілі болған болса, Сактандыру шартының талаптарын өзгертуді және артқан сактандыру тәуекеліне тең мөлшерде қосымша сактандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге. Сактанушы оған қарсы болған жағдайда, сактандырушының шығыстарын ұстап қалу арқылы Сактандыру шарты бұзылуы мүмкін;
 - 15) егер аталған ТЖО-ны/Маманд. ТЖО-ны таңдау сактандырушымен келісілмеген болса, сактандырылған көлік құралының осы түріне (маркасына) сәйкес келмесе, ТЖО/Маманд.ТЖО шоты бойынша сактандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға;
 - 16) осы Ереженің 12.3. тармағында қарастырылған жағдайларда Сактанушыдан/Пайда алушыдан мүлікті немесе оның қалдықтарын, ауыстырылатын детальдарды, тораптарды, агрегаттарды беруді талап етуге;
 - 17) Сактанушының Қазақстан Республикасының «Сактандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес ықылассыз іс-әрекеттерінің белгілері анықталған (айқындалған) кезде, Сактанушыға (Пайда алушыға) сактандыру төлемін уақытша тоқтата тұру туралы хабарлама жіберу арқылы, уақытша тоқтатқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей, тиісті тексеру жүргізілетіні туралы көрсетіп, сактандыру төлемін төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;
 - 18) Сактандыру шартында қарастырылған негіздер бойынша сактандыру төлемін төлеуден бас тартуға.
- 12.4. Сактандырушы міндетті:
- 1) сактанушыны Сактандыру ережесімен таныстыруға және соның талабы бойынша Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);
 - 2) көлік құралын сактандыруға қабылдау туралы оң шешім қабылданған жағдайда сактанушымен Сактандыру шартын (полисін) рәсімдеуге;
 - 3) сактандыру жағдайының нәтижесінде зақымданған көлік құралын сактанушының жазбаша өтінішін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тексеруге;
 - 4) егер Сактандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сактандыру төлемін төлеу туралы немесе сактандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Ережеде және Сактандыру шартында қарастырылған мерзімдерді қабылдауға және тиісті сактандыру актіні бекітуге;
 - 5) басталған оқиғаны сактандыру жағдайы деп таныған кезде сактандыру төлемін Пайда алушыға Ережеде және Сактандыру шартында қарастырылған мерзімдерде, мөлшерде және тәртіпте төлеуге;
 - 6) қажет жағдайларда, сактандыру актісін жасау кезінде залалдың себептері мен көлемін, көлік құралының құнын анықтау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;
 - 7) сактандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде ол жөнінде сактанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, Ережеде және Сактандыру шартында қарастырылған мерзімдерде хабарлауға;
 - 8) сактанушы сактандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін шығарған шығындарды сактанушыға (Сактандырылушыға) өтеуге;
 - 9) сактандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 10) «Сактандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге.
- 12.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасаған және оның қолданыс кезеңінде аталған сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалып жатқан сақтандыру шарттары туралы сақтандырушыға ақпарат беруге;
- 3) сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға;
- 4) сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және шарттармен алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы шағым білдіруге;
- 6) Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.

12.6. Сақтандыру шартында сақтандырушының, сақтанушының, пайда алушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін..

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын уақытылы төлемеген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) істі жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, өзінің шығыстарын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25% -ы мөлшерінде өтеуді;
- 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, сақтандырушы сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	25 беттен 24-бет
--	---	--	------------------

сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті.

14.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы.

14.4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін сақтанушы сақтандырушының келісімімен, сақтандырылған көлік құралына өз құқықтарын сақтандырушыға шегінуі және сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының көлемінде алуы мүмкін.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1. Сақтанушы сақтандырушыда сақтандыру тәуекеліне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2. Мүлікті екі жақты сақтандырған кезде әр сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда сақтанушының барлық сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3. Келген залалды басқа сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Ереженің шарттарымен жасалған Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар – сақтанушы мен сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) сақтанушыны, сақтандырылушыны, пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.3. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.4. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:
- а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
- б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
- г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.
- 17.5. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.
- 17.6. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісін, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісін талап етуге міндетті.
- 17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.
- 17.8. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.
- 17.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбеген болса, осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

Сілтеме. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылдың 27 желтоқсанындағы №88 «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына (9.19-9.21 тармақтарға) өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (2025 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енеді).

Сондай-ақ Қағиданың 13.5. тармағының 1) тармақшасы өзгертілген.